

Р.Қ. ЕЛШІБАЕВ,¹
э.ғ.к., профессор.
«Нархоз» университеті¹

ҚАЗАҚСТАНДА ДАРА КӘСІПКЕРЛІКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Андатпа

Мақалада елімізде дара кәсіпкерліктің маңызы мен қажеттілігі, оны ұйымдастыру жағдайлары жан-жақты қарастырылған. Дара кәсіпкерлік – кәсіпкерлік субъектісі ретінде ең кеңінен тараған және қолайлы нысан. Әсіресе, өз ісін жаңадан бастаған шағын бизнес өкілдері дара кәсіпкерлік нысанын таңдайды. Мақалада дара кәсіпкерліктің келесідей бірқатар артықшылықтарын бөліп көрсеткен: бизнесті ұйымдастырудың едәуір қарапайым және арзан тәсілі; басқарудың демократиялығы, нарыққа тез бейімделуі, икемділігі, кәсіпорынның меншік иесіне табыстың толықтай тиесілі болуы, еңбекке деген мотивация мен стимулдың жоғары болуы т.с.с. Дара кәсіпкерлік заңды тұлға құрмастан жүзеге асырылады және бизнесті ұйымдастырудың ең қарапайым әдісі болып табылады. Мақалада дара кәсіпкерлікке тән белгілер ретінде мынадай сипаттамаларды анықтаған: бастамашылық қызметті білдіреді; табыс табуға бағытталған; кәсіпкерлікпен айналысатын азаматтардың өздерінің меншігіне негізделген; азаматтардың өз атынан, тәуекелге баруымен және мүлдік жауапкершілігімен жүзеге асырылады. Мақалада дара кәсіпкерліктің негізгі түрлері мен оны ұйымдастыру ерекшеліктері ашып көрсетілген. Атап айтқанда дара кәсіпкерлікті тіркеу тәртібі, қолданылатын салықтық жеңілдіктер, яғни арнаулы салық режимін таңдай отырып патент немесе оңайлатылған декларация негізінде қызметін жүзеге асыра алатындығы айтылған. Мақалада бухгалтерлік есеп жүргізу мен қаржылық есептілікті жасаудың оңайлатылған нысанын қолдану мүмкіншілігі қарастырылған. Жүргізілген зерттеулер бойынша дара кәсіпкерліктің күшті және әлсіз тұстары жүйеленіп, сәйкес тұжырымдар жасалған.

Тірек сөздер: ұлттық экономика, кәсіпкерлік, өзіндік кәсіпкерлік, салық режимі, бухгалтерлік есептілік, тіркеу, лицензия, табыс, меншік, бизнес.

Елімізде кәсіпкерлікті, әсіресе шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту басым бағыттар мен негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Өйткені кәсіпкерлік ұлттық экономиканың маңызды құрамдас бөлігі. Осыған байланысты кәсіпкерлікті дамыту мәселесіне Елбасының өзі ерекше назар аударып, Үкіметке нақты міндеттер жүктегені белгілі. Кәсіпкерлікті дамыту мәселесі еліміздің барлық бағдарламалары мен стратегияларында, сондай-ақ ҚР Президентінің халыққа арнаған жолдауларында айрықша атап көрсетілген. ҚР Президенті 2018 жылдың 10 қаңтарындағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауында да «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясында оның құралдарын нығайта отырып, халықтың осы санаттарын кеңінен тарту қажет», – деген болатын [1].

Ұлттық экономиканы әртараптандыру мен жедел жаңғырту, төртінші өнеркәсіптік революцияға нық қадам басу жағдайында кәсіпкерлік қатынастарды тиімді дамыта отырып, шағын және орта кәсіпкерліктің даму тенденциясы мен болашағына жағдай жасау мәселесі бірінші кезекке қойылып отыр. Сол себепті шағын және орта кәсіпкерлікті еліміздің шаруашылық қызметінің жандандырғыш күштері ретінде ғана емес, экономиканы дамытудың негізі ретінде қарастыруға болады. Осыған орай елімізде шағын және орта кәсіпкерліктің субъектісі дара кәсіпкерліктің даму болашағы жоғары, сондай-ақ оны ғылыми тұрғыда зерттеудің қажеттілігі байқалады. Өйткені, қазіргі кезде дара кәсіпкерлік бизнесті ұйымдастырудың ең қарапайым және қолайлы нысаны болып табылады. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің жартысынан астамын дара кәсіпкерлік құрайды. Осыған байланысты елімізде дара кәсіпкерлікті ұйымдастыру мәселелерін қарастыру маңызды және өзектілігі жоғары.

Қазақстанда қазіргі таңда жүргізіліп отырған экономикалық саясаттың басым бағыттарының бірі – кәсіпкерлікті дамыту болып табылады. Еліміздің Конституциясына сәйкес әрбір адамның өзі қалаған қызмет түрімен айналысуға құқық пен еркіндік берілген. Ол Қазақстан Республикасы Президентінің кәсіпкерлікке кең жол ашуға деген бастамасымен қолдау тапты. Қоғамның өзі де уақыт өткен сайын кәсіпкерліктің нарықтық экономиканың ажырамас бөлігі

және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде қолданылатын негізгі көздердің бірі екенін мойындауда. Кәсіпкерліктің кеңінен дамуы ғылыми-техникалық прогрестің, әртүрлі меншік субъектілері арасында бәсекенің дамуына ықпал ететін экономикалық, әлеуметтік-саяси ортаның қалыптасуына, жаңа жұмыс орындарының құрылуына, нарықтық инфрақұрылымының оңтайлы қалыптасуына, тұрғындар табыстары арасындағы теңсіздіктің азаюына, экономиканың нашар дамыған салаларының дамуына зор ықпал етеді.

Кәсіпкерлік – түрлі аспектілер мен бағыттарды қамтитын экономиканың маңызды секторы. Кәсіпкерлікті ұйымдастыру заңды тұлға құру арқылы және заңды тұлға құрмастан жүзеге асырылады. Заңды тұлға құру арқылы кәсіпкерлік шаруашылық серіктестіктер, акционерлік қоғам, өндірістік кооператив және мемлекеттік кәсіпорын (мемлекеттік кәсіпкерлік) құру негізінде жүргізілсе, заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік дара кәсіпкерлікті ашу арқылы ұйымдастырылады.


Елімізде кәсіпкерлікті ұйымдастыру мен жүзеге асыруда дара кәсіпкерліктің маңызы жоғары. Әсіресе, өз ісін жаңадан бастаған шағын бизнес өкілдері дара кәсіпкерлік нысанын таңдайды. Дара кәсіпкерлік заңды тұлға құрмастан жүзеге асырылады және бизнесті ұйымдастырудың ең қарапайым әдісі болып табылады. Сондықтан да дара кәсіпкерлікті ұйымдастыру және оны жүргізу мәселесіне кеңінен тоқталайық.

Дара кәсіпкерлік дегеніміз азаматтардың немесе жеке тұлғалардың өздерінің меншігіне негізделе отырып, тәуекелге бару және мүлктік жауапкершілігі арқылы жүзеге асырылатын табыс табуға бағытталған бастамашылық қызметі [2].

Дара кәсіпкерлер өз міндеттемелері бойынша өздерінің барлық мүлкімен жауапты болады.

Дара кәсіпкерлік өзіндік немесе бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асырылады.

Дара кәсіпкерліктің түрлерін келесі сурет (сурет 1) түрінде көрсетуге болады.



Сурет 1 – Дара кәсіпкерліктің түрлері

Бірінші суреттен көріп отырғанымыздай дара кәсіпкерліктің негізгі 2 түрі бар: өзіндік және бірлескен.

Өзіндік кәсіпкерлікті бір жеке тұлға өзіне тиесілі мүлік негізінде, сол мүлкті пайдалану және оған билік ету құқығымен дербес жүзеге асырады.

Бірлескен кәсіпкерлікті жеке тұлғалар немесе бірнеше дара кәсіпкерлер өздеріне тиесілі ортақ мүлік негізінде, мүлкті бірлесіп пайдалану және билік ету құқығымен жүзеге асырады.

Бірлескен кәсіпкерлік келесі нысандарда болуы мүмкін:

- ♦ ерлі-зайыптылардың ортақ бірлескен меншігі негізінде жүзеге асырылатын ерлі-зайыптылардың кәсіпкерлігі;

- ♦ шаруа (фермер) қожалығының ортақ бірлескен меншігі немесе отбасылық кәсіпкерлік;

- ♦ ортақ үлестік меншік негізінде жүзеге асырылатын жай серіктестік.

Сонымен дара кәсіпкерлік қызмет мынадай белгілердің жиынтығымен сипатталады:

а) бастамашылық қызметті білдіреді;

ә) табыс табуға бағытталған;

б) кәсіпкерлікпен айналысатын азаматтардың өздерінің меншігіне негізделген;

в) азаматтардың өз атынан, тәуекелге баруымен және мүлктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес (26-бап, 4-тармақ), әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар [3]. Яғни, кез-келген әрекет қабілетті азамат заң шеңберінде кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады. Осыған байланысты кәсіпкерлік қызмет субъектілеріне азаматтарды (жеке тұлғаларды) және әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлғаларды жатқыза аламыз. Азаматтық кодекске сәйкес (жалпы бөлім, 12-бап), Қазақстан Республикасының азаматтары, басқа мемлекеттердің азаматтары, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар жеке тұлғалар болып есептеледі [4]. Демек, осы аталған жеке тұлғалар дара кәсіпкерлер ретінде немесе ұйымдық-құқықтық нысандағы кәсіпорынның қатысушысы ретінде заңмен тиым салынбаған кәсіпкерлік қызметпен айналысуға және кәсіпкерлік субъектісі болуға мүмкіндігі бар.

Мемлекет кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне кепілдік береді және оны қорғау мен қолдауды қамтамасыз етеді. Кәсіпкерлер келесідей амалдар арқылы қорғала алады:

1) лицензия берілетін қызмет түрлерінен басқа кәсіпкерлік қызметті кімнің болса да рұқсатын алмай-ақ жүзеге асыру мүмкіндігі арқылы;

2) экономиканың барлық салаларындағы кәсіпкерліктің барлық түрін бір ғана тіркеуші органда тіркеудің барынша қарапайым дербес жүргізу тәртібі арқылы;

3) кәсіпкерлік қызметке мемлекеттік органдар жүргізетін тексерулерді заң құжаттарымен шектеу арқылы;

4) кәсіпкерлік қызметті заң құжаттарында көзделген негіз бойынша шығарылған сот шешімі бойынша ғана еріксіз тоқтату арқылы;

5) жеке кәсіпкерлік үшін тыйым салынған, экспорт немесе импорт үшін тыйым салынған немесе шек қойылған жұмыс, тауарлардың түрлері мен қызмет тізбесін заң құжаттарында белгілеу арқылы;

6) мемлекеттік органдарды, лауазымды адамдарды, сондай-ақ өзге де тараптар мен ұйымдарды кәсіпкерлердің қызметіне заңсыз кедергі жасағаны үшін заңдарда белгіленген мүлктік жауапкершілікке тарту арқылы;

7) атқарушы бақылау және қадағалау органдарына кәсіпкерлік субъектілерімен осы органдардың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәнінде шарттық қатынастарға кіруге тыйым салу және заңдарда көзделген өзге де амалдар арқылы.

Кәсіпкерлікті ұйымдастырудың ең кеңінен тараған нысандарының бірі ретінде дара кәсіпкерліктің өзіне тән ерекшеліктері бар. Сондықтан дара кәсіпкерліктің мәні мен маңызын және негізгі түрлерін білгеннен кейін оны қалай ашу керектігін, тіркеу тәртібін, салық режимін таңдау жағдайын және басқа да ұйымдастырушылық аспектілерін білу қажет. Осыған байланысты дара кәсіпкерлікті ұйымдастыру ерекшеліктеріне қысқаша тоқталайық.

Заңды тұлға құрмай кәсіпкерлікті жүзеге асыратын жеке тұлғаларды (дара кәсіпкерлерді) мемлекеттік тіркеу келіп тіркелуі сипатында болады және ол орналасқан жері бойынша салық органында дара кәсіпкер ретінде есепке қоюды білдіреді.

Дара кәсіпкердің келіп тіркелу сипатына ие болуы оның сенімді өкіл арқылы тіркелудің мүмкін еместігін білдіреді. Бұл өз кезегінде жоғалған құжат немесе бөгде адамдардың атынан дара кәсіпкерлікті ашу арқылы тіркелуге, жалған кәсіпкерліктің құрылуына жол бермейді.

Мына шарттардың біреуіне сай келетін дара кәсіпкерлер міндетті мемлекеттік тіркеуге жатады:

1) тұрақты негізде жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдаланса;

2) кәсіпкерлік қызметтен түскен жылдық жиынтық табысы жеке тұлғалар үшін белгіленген салық салынбайтын жылдық жиынтық табыстың мөлшерінен (12 ең төменгі жалақыдан) асатын болса.

Қызметкерлердің еңбегін тұрақты негізде пайдаланбайтын жеке тұлғалар мынадай табыстарды алу кезінде дара кәсіпкер ретінде тіркелмеуге құқылы:

1) төлем көзінен салық салынатын табысты (ҚР Салық кодексі, 160-бап);

2) мүлік табыстарын (ҚР Салық кодексі, 180-бап);

3) өзге де табыстарды (ҚР Салық кодексі, 184-бап).

ҚР Салық кодексінің 160-бабына сәйкес, төлем көзінен салық салынатын табыстарға табыстардың мынадай түрлері жатады:

- 1) қызметкердің табысы;
- 2) жеке тұлғаның салық агентінен түсетін табыстары;
- 3) жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдері;
- 4) дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар түріндегі табыс;
- 5) стипендиялар;
- 6) жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша табыс [5].

Дара кәсіпкерді тіркеуді 2 түрде жүргізуге болады: 1) Электрондық үкімет веб-порталында электрондық тәсіл арқылы. Яғни, ҚР электрондық лицензиялау (elicense.kz) сайтында электронды сандық қолтаңба (ЭСҚ) көмегімен тіркеліп, мемлекеттік табыстар органына хабарлама жіберіледі. 2) Мемлекеттік табыстар департаментінің аймақтық басқармасына келу арқылы. Яғни, аймақтық басқармаға келіп қағаз түрінде хабарлама беру.

Тіркеу органы бір жұмыс күнінен кешіктірмей дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеуден өткізеді немесе тіркеуден бас тартады.

Келесі жағдайларға байланысты дара кәсіпкерлікті мемлекеттік тіркеуден бас тартуы мүмкін:

- 1) өтініш беруші жұмыс жасамайтын заңды тұлғаның жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) және (немесе) басқарушысы болса, сондай-ақ әрекетке қабілетсіз немесе шектеулі әрекет қабілетті деп танылса, із-түзсіз жоғалған немесе қайтыс болған деп жарияланса;
- 2) хабарламада көрсетілген жеке басын куәландыратын құжаттың мәліметтері идентификациялық нөмірлердің ұлттық реестріндегі деректермен сәйкес келмесе;
- 3) хабарламада көрсетілген дара кәсіпкерліктің орналасқан жері «Мекен жай регистрі» ақпараттық жүйесінде жоқ болса.

Сондықтан хабарламада көрсетілген мәліметтер өзгерген жағдайда дара кәсіпкер бұл туралы тіркеу органына хабарлауға және сәйкес өзгерістерді енгізуге міндетті болып табылады.

Дара кәсіпкерлікті мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің қызмет ету (жарамдылық) мерзімін кәсіпкердің өзі анықтайды. Егер хабарламада ешқандай мерзім көрсетілмесе мұндай куәлік мерзімсіз беріледі.

Дара кәсіпкерлікті тіркегеннен кейін мынадай құжаттарды дайындау қажет:

- ♦ тұрғылықты жері бойынша салық комитетінен алынған дара кәсіпкерлікті мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;
- ♦ дара кәсіпкерліктің мөрі (егер дара кәсіпкер мөр қажет деген шешім қабылдаса). Мөрді мамандандырылған компаниялар жасайды.
- ♦ сауда нүктесінің төлқұжаты (егер кәсіпкерлік қызметті іске асыру үшін ол қажет болса);
- ♦ қосымша құн салығын (ҚҚС) төлеушінің куәлігі (егер ҚҚС бойынша есепке қою қажеттілігі туындаса);
- ♦ сыртқы экономикалық қызмет қатысушысының карточкасы (егер сыртқы экономикалық қызмет бойынша операциялар орындалса);
- ♦ бақылау-кассалық аппаратты тіркеу туралы құжаттар (егер тауарларды сату, жұмыстарды орындау, қызмет көрсету қолма-қол ақшамен есептесу арқылы жүргізілсе);
- ♦ төлем карточкаларымен есептесуге арналған POS-терминал.

Егер кәсіпкерлік қызмет лицензиялауға жататын болса, кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің болуы оған лицензиясыз қызмет ету құқығын бермейді және мұндай қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алуға міндетті. Қазақстан Республикасының Үкіметі дара кәсіпкерлерге лицензиялар берудің оңайлатылған тәртібін белгілеуге құқылы.

Лицензияланатын қызмет түрлері мен лицензиялар беру тәртібі 2007 жылғы 11 қаңтардағы № 214 ІІІ «Лицензиялау туралы» ҚР Заңында белгіленген.

Лицензиялар беру белгілі бір қызмет түрі үшін белгіленген талаптарға сай барлық тұлғалар үшін тең негіздерде және тең жағдайларда жүзеге асырылады. Ұлттық қауіпсіздік, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, қоршаған ортаны, азаматтардың меншігін, өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында қызметтің жекелеген түрлері бойынша лицензиялық тәртіп енгізіледі. Ал лицензия дегеніміз – тиісті лицензиардың (лицензиялауды жүзеге асыратын мемлекеттік

органның) жеке немесе заңды тұлғаға қызметтің жекелеген түрімен айналысуға беретін рұқсаты. Лицензия иеліктен шығарылмайды және оны лицензиат басқа жеке немесе заңды тұлғаға бере алмайды. Лицензияның күші Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданылады [6].

Дара кәсіпкер мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін салық режимін таңдауы қажет. Елімізде шағын бизнес субъектілеріне, соның ішінде дара кәсіпкерлер үшін арнаулы салық режимін қолдану мүмкіншілігі қарастырылған. Бұл жөнінде кейінірек қарастыратын боламыз.

ҚР Салық кодексінің 568-бабына сәйкес, резидент заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасындағы қызметін филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын резидент еместер, дара кәсіпкерлер қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне міндетті түрде қойылуы тиіс.

Дара кәсіпкерлердің айналым мөлшері 30 000 айлық есептік көрсеткіштен асатын болса, қосылған құн салығын төлеуші ретінде тіркеу есебіне міндетті түрде қойылуы тиіс. Осыған байланысты қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою үшін өтініш берген айдан кейінгі айдың алғашқы күнінен бастап қосылған құн салығын төлеушіге айналады.

28.02.2007 жылғы № 234 «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шағын бизнес субъектілері бухгалтерлік есеп жүргізу мен қаржылық есептілікті жасаудың оңайлатылған нысанын қолдануға, сондай-ақ жекелеген жағдайларда бухгалтерлік есепті жүргізбеуге құқылы [7].

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес патент негізінде арнайы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер бухгалтерлік есепті жүргізуді және қаржылық есептілік жасауды жүзеге асырмауға құқылы.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар қаржылық есептілік жасауды ұлттық стандарттарға сәйкес жүзеге асырса, ірі кәсіпкерлік субъектілері мен жария мүдделі ұйымдар қаржылық есептілікті халықаралық стандарттарға сәйкес жасауға міндетті.

Орта кәсіпкерлік субъектілері, сондай-ақ оралымды басқару құқығына негізделген мемлекеттік кәсіпорындар (қазыналық кәсіпорындар) қаржылық есептілікті халықаралық стандарттарға сәйкес жасауға құқылы.

Дара кәсіпкерлік заңды тұлға құрмастан жүзеге асырылатын кәсіпкерліктің ұйымдық нысандарының бірі болғандықтан, өзіне тән артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Басқаша айтқанда дара кәсіпкерліктің мынадай күшті және әлсіз жақтарын бөліп көрсетуге болады.

Дара кәсіпкерліктің күшті жақтары:

- ♦ бизнесті ұйымдастырудың едәуір қарапайым және арзан тәсілі;
- ♦ жеке, дербес кәсіпорынның меншік иесіне табыстың толықтай тиесілі болуы;
- ♦ икемділігі жоғары, тез арада шешім қабылдау мүмкіндігі;
- ♦ басқарудың демократиялығы және бақылау деңгейінің жоғары болуы;
- ♦ еңбекке деген мотивация, стимулдың жоғары болуы;
- ♦ кәсіпорын мөлшері шағын болғандықтан сатып алушылармен жақын байланыста болу, нарыққа тез бейімделуі.

Дара кәсіпкерліктің әлсіз тұстары:

- ♦ бизнес масштабы шектеулі болғандықтан өсім үшін де қаржы ресурстарының шектеулілігі;
- ♦ ірі масштабты өндіріске жетудің әлсіз перспективалары мен кеңею үшін шектеулі мүмкіндіктер;
- ♦ ғылыми техникалық прогресс жетістіктерін өз мерзімінде енгізудің шектеулі мүмкіндіктері салдарынан әлсіз бәсекеге қабілеттілік;
- ♦ сыртқы ортаға үлкен тәуелділік.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев 2018 жылдың 10 қаңтарындағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауы: www.akorda.kz.

2. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі. 2015 жылғы 29 қазандағы № 375–V Қазақстан Республикасының Заңы: <http://adilet.zan.kz/>.

3 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995ж. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 7 қазандағы, 2007 жылғы 21 мамырдағы, 2011 жылғы 2 ақпандағы, 2017жылғы 10 наурыздағы Заңымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген: www.constcouncil.kz.

4 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы және ерекше бөлімдер) (2017.27.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен): <http://adilet.zan.kz/>.

5 Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексі (Салық кодексі) (2017.25.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен): <http://adilet.zan.kz/>.

6 «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы № 214–ІІІ ҚР Заңы: <http://adilet.zan.kz/>.

7 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 28.02.2007 жылғы № 234 заңы (2014.13.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен): <http://online.zakon.kz/>.

Аннотация

В статье всесторонне рассматриваются значимость и необходимость индивидуального предпринимательства и вопросы, связанные с его организацией. Индивидуальное предпринимательство широко распространено в качестве субъекта предпринимательства и является выгодной формой ведения бизнеса. В частности, начинающие представители малого бизнеса чаще всего предпочитают форму индивидуального предпринимательства. В статье выделяются следующие преимущества ведения индивидуального предпринимательства: более удобный и дешевый способ организации бизнеса, демократичность управления, быстрое приспособление к рынку, гибкость, принадлежность дохода в полной мере собственнику предприятия, мотивация к труду и высокий стимул и т.д. Индивидуальное предпринимательство создается без создания юридического лица и является самым выгодным методом организации бизнеса. В статье приведены следующие признаки, присущие индивидуальному предпринимательству: она представляет собой инициативную деятельность, направлена на получение дохода, основана на собственности самих граждан, занимающихся предпринимательством, осуществляется от имени граждан за их риск и под их имущественную ответственность. В статье подробно раскрыты основные формы и особенности организации индивидуального предпринимательства. В частности, рассмотрены порядок регистрации индивидуального предпринимательства, применяемые налоговые льготы, а также возможность осуществления деятельности путем выбора специальных налоговых режимов на основании патента или упрощенной декларации. В статье рассмотрены возможности использования упрощенной формы ведения бухгалтерского учета и финансовой отчетности. По результатам исследования автор систематизированы слабые и сильные стороны индивидуального предпринимательства, сделаны соответствующие выводы.

Ключевые слова: экономика, предпринимательство, личное предпринимательство, налоговый режим, бухгалтерский учет, регистрация, лицензия, доход, собственность, бизнес.

Abstract

The article comprehensively considers the importance and necessity of individual entrepreneurship and issues related to its organization. Individual entrepreneurship is widely distributed as an entrepreneurial subject and is a profitable business practice. In particular, beginners of small business often prefer the form of individual entrepreneurship. The article highlights the following advantages of running an individual business: a more convenient and cheaper way of doing business; democratic governance, rapid adaptation to the market; flexibility; ownership of income in full measure to the owner of the enterprise, motivation for work and a high incentive, etc. Individual entrepreneurship is created without creating a legal entity and is the most profitable method of organizing a business. In the article the following features inherent in individual entrepreneurship are given: it is an initiative activity; aimed at generating income; based on the property of citizens engaged in business; carried out on behalf of citizens for their risk and under their property responsibility. The article describes in detail the main forms and features of the organization of individual entrepreneurship. In particular, the procedure for registration of individual entrepreneurship, tax privileges applied, as well as the possibility of carrying out activities through the selection of special tax regimes on the basis of a patent or a simplified declaration are considered. Also in the article possibilities of using the simplified form of accounting and financial reporting are considered. Summarizing the results of the research, the author systematizes the weak and strong sides of individual entrepreneurship, and draws the appropriate conclusions.

Key words: economy, entrepreneurship, personal enterprise, tax regime, accounting and financial reporting, registration, license, profit, property, business.